

«Бекітемін»

ҚР БҒМ вице-министрі

Суханбердиева Э.А.

2017 ж.



**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
француз тілі пәнінен тест спецификациясы**

Құжат Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2014 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес 2013 жылы Ұлттық тестілеу орталығында оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауға арналған тест тапсырмаларының базасы қалыптастырылды.

1. Мақсаты: 9-сынып оқушыларының дайындық деңгейлерін бағалау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 10, екінші деңгейде – 7, үшінші деңгейде – 3 тапсырма.

Француз тілі пәні бойынша тест тапсырмалары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасына сай құрастырылған.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Морфология	01	Етістік	01	Ашық рай (жай шақтар). Осы шақ. Өткен шақ (ауыспалы). Жай өткен шақ, жай келер шақ. Ашық рай (күрделі шақтар). Күрделі өткен шақ. Бұрынғы өткен шақ. Жедел келер шақ. Жедел өткен шақ. Етістіктің болымсыз түрі. Ырықсыз етіс. Жақсыз етістік. Тұйық етістік. Есімдіктік етістіктер.
				02	Осы шақ есімшесі. Өткен шақ есімшесі. Көсемше.
				03	Бұйрық рай. Бұйрық райдағы сөз тәртібі. Шартты рай. Қалау рай. Сабақтас құрмалас сөйлемде шақтардың қиысуы.
		02	Сын есім	01	Сын есімдер. Сын есім женский және мужской родтары. Сын есімдердің көпше түрлері. Сілтеу сын есімдері. Тәуелдік сын есімдер. Сұраушы сын есімдер. Сын есім шырайлары.
		03	Зат есім	01	Зат есім. Зат есімнің родтары. Зат есімнің көпше түрі.
		04	Қызметтік сөз таптары	01	Артикльдер. Белгілік артикльдері. Белгісіздік артикльдері. Слитный артикль. Частичный артикль. Предлогтар. Предлогтардың қолданылуы. Етістіктерді меңгеру. Шылаулар.
		05	Сан есім	01	Сан есімдер. Есептік сан есімдер. Реттік сан есімдер.
		06	Есімдік	01	Есімдіктер. Толықтауыш есімдіктер. Қатыс-тық есімдіктер. Тәуелдік есімдіктер. Сілтеу есімдіктер. Белгісіздік: - Р жекелі: "on" есім-дігі, жіктеу есімдіктері, "En" "У" адвербаль-дық есімдіктер есімдігі, Сұраулы есімдіктер.
		07	Үстеу	01	Үстеу. Үстеу құрлымы. Үстеу шырайлары
02	Лексика,	01	Лексика,	01	Лексика, аударма, фонетика

	аударма, фонетика		аударма, фонетика	02	Сөз құраушы элементтер. Зат есім жұрнақтары. Сын есім жұрнақтары. Үстеу жұрнақтары.
03	Синтаксис	01	Сөйлем	01	Сұраулы сөйлемдегі сөз тәртібі. Жалпы, арнайы, альтернативті сұрақ қою. Төлеу сөз.
04	Елтану	01	Елтану	01	Франция, француз тілінде сөйлейтін елдер.
				02	Қазақстан.
05	Мәтінмен жұмыс	01	Мәтінмен жұмыс	01	Мәтінмен жұмыс.

3. Тест жоспары:

Морфология –18 тапсырма

Синтаксис – 10 тапсырма

Лексика мен аударма – 6 тапсырма

Мәтінмен жұмыс – 1 тапсырма

Елтану – 5 тапсырма

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Морфология:лингвистикалық білімдерді сөзге, сөз табына қатысты қолдану;

Лексика, аударма, фонетика:лингвистикалық білімдерін сөзге қатысты қолдану; оқылған лексикалық бірліктердің (сөз, сөз тіркесі)негізгі мағыналары; тілді оқытатын елдегі сөздік этикеттің негізгі шамалары. (репликалар, кең таралған лексикалар); орфографиялық біліктіліктері; француз тілінің барлық дыбыстарын меңгеру;

Синтаксис: лингвистикалық білімдерді тілдік материалға қолдану;

Елтану: оқығаны, естігені бойынша өзінің дұрыс бұрыс көзқарасын білдіру; француз тілінің тарихы,француз тілді мемлекеттер,Қазақстан мен Франциядағы білім жүйесі; тілді оқып жатқан елдің білімін қалыптастыру; саяси мемлекеттік құрылымы; тарихи оқиғалар,салт дәстүрлер,халықтың өмір сүру ерекшеліктері;

Мәтінмен жұмыс: түпнұсқа мәтіннің негізгі мазмұнын түсіне отырып оқу (тақырыпты анықтау,негізгі ойды белгілеу,басты фактілерді анықтау, мәтіндегі негізгі фактілердің логикалық тізбектілігі).

5. Тапсырмалар формасы:

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 15 тапсырмадан және оқу сауаттылығына арналған 5 тапсырмадан тұрады.

6. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 20.

ҰТО директоры



Р. Әлімқұлов